

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі



САТЕНОВА АЛМАГҮЛ КУДАЙБЕРГЕНКЫЗЫ

*Атырау қаласы «Жалпы білім беретін
Алмалы орта мектебі» КММ,
көркем еңбек пәні мұғалімі*

Шығармашылық сөзі – іздеу, табу сөздерінің мағынасын береді. Бұрынғыны жаңарту және тәжірибеде болмағанды жасау деген ұғымға сияды.

Оқушылардың шығармашылық істері ізденіске толы жеке дербес зерттеу арқылы тәжірибеде болмаған жаңаны жасау немесе құрастыру деген ұғымды білдіреді. Оқушының танымдық іс-әрекетіндегі шығармашылықтың негізгі критерийлері:

- жеке, дербес іс-әрекет,
- зерттеу және іздену
- ойындағысын іске асыру үшін мақсат қою,
- мақсатқа жету үрдісінде жаңа бұйым жасау.

Шығармашылық туралы мынадай анықтама бар: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, шығармашылықтың өзіндік ерекшелігі осында».

Шығармашылық – алынған ақпаратты түрлендіріп, жиі тапқырлық таныту, бірегей ойларды қорыта білу, оралымды және көп нұсқалы ойлау қабілеттері, зерттеушілік белсенділігі¹.

Шығармашылық бағыттағы іс — әрекеттің негізгісі – шығармашылық ойлау. Себебі оқушы «ойша» әрекеттене отырып, нәтижесінде не алатынын көзіне елестете алады.

Шығармашылық жұмыстар арқылы, оқушы:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Педагогика ғылымы ешнәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп есептейді. Сондықтан балалардың қабілетін дамытуға мақсатты түрде ықпал ететін – мектеп. Қабілет адамды шығармашылық деңгейге көтереді.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда оқушылардың «ойша» әрекеттену қабілеті үздіксіз дамиды. Сондықтан өз іс — әрекетіне қадам жасаған сайын оның шығармашылығы арта түседі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту дарынды, талапты оқушыны көбейтуге әсерін тигізеді. Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады деп көрсетілген. Қазіргі кезде оқушының алған білімі мен іс — әрекет түрлерін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім кешек тігуді, азық түлік өндіруді өзінің тұрмысының кәсібі етіп, оларды күнбе күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасау арқылы өмірде сән салтанат та құра білді ². Халық қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегінен бастап, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши түрлі бау басқұрлар тоқып, арқан жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және түрлі әшекей бұйымдар мен тұрмыстық заттарды халық шеберлері өз қолдарымен жасады. Халқымыздың ұлт болып қалыптасуына осынша еңбек пен кәсіпшіліктің жеткізген жетістігі деп ойлаймын. Еңбекқор халқымыз мал шаруашылығымен айналыса жүріп, оның барлық өнімін пайдаға жаратуының өзі ақ адал еңбектің нәтижесі ³.

Осы орайда мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында жасап отырған әдісімді басқа да әріптестерім қолданысқа алса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға, қолөнерге ынтасы бар оқушыларды шабыттандыруға, ұлтымыздың болашағы ұрпағымыздың атадан балаға мұра болып келген ұлттық қолөнерімізге деген көзқарасы мен еңбек тәрбиесіне әсері болар деп ойлаймын. Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеруі үшін жеке қабілетіне қарай шығармашылық қабілетін дамыту – ең басты міндетім.

Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында: Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Жаңа Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы адам болуы тиіс.

Біз өскелең ұрпақты адал еңбекке баулып, жаһандық нарыққа қабілетті етіп тәрбиелеуіміз қажет. Маңдай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі, Абай айтқан «толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет деген еді.

Мен де өз пәнім арқылы жаңа Қазақстанға еңбекқор, жаһандық нарыққа қабілетті шәкірт тәрбиелеуге тиістімін деп ойлаймын.

Шығармашыл тұлғаны дамыту арқылы әр ұстаз өз еңбегінің жемісін көрері анық. Шәкірттеріміздің осы бағытта бар ынта жігерімен кіріскен, қолдан келетін ісімен айналысуы арқылы еңбектенуге ұмтылғандарын көріп, кейбір замандастары секілді әлеуметтік желіден бас ала алмай отырмайтынын айтып өз еңбегімнің жемісі деп ойлаймын.

Бастысы оқушыларымды бірлесе жұмыс жасауға үйрете отырып, тың идеялар тудыруға жетеледім. Өз қолымен жасаған жұмыстарының жемісін көрген оқушыларымның әлі де талай белесті бағындырар, ұлттық өнердің шын жанашырлары боларына сенім артамын.

Дене тәрбиесі - денсаулық кепілі

ЖАНБОЛАТ ДУЙСЕНОВИЧ

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

*№19 Д. Қонаев атындағы мектеп –гимназиясының
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Жаңартылған білім үрдісінің ерекшелігі ақпараттық ашықтықты ғана белгілеп қоймайды, сонымен қатар пәндердің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Интеграция процесі барлық салада қарқынды дамуда.

Ол ғылымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Соның бір айғағы дене тәрбиесінің медицина, салауатты өмір салты, валеология, гигиена сияқты ғылымдармен үндесуі. Қазіргі заманауи қоғамда дене тәрбиесін дамытудың маңызы зор. Себебі, әлем кеңістігін жайлаған пандемия індеті адам денсаулығын нығайтуда дене тәрбиесінің орны зор екендігін тағыда айқындап берді. Адам, денсаулықтың қаншалықты қымбат екендігін ұғына бастады. Денсаулықтың маңызын түсіну отбасында, мектептен бастау алмақ.

Білім мен тәрбие егіз ұғым ретінде отбасында бастау алса, кейін мектепте жалғасын табатыны белгілі. Себебі, денсаулықты сақтау дағдысы бала кезден қалыптаспақ. Өкінішке орай, қазіргі кезде бала денсаулығы нашарлауда.

Оған әртүрлі факторлар әсер етуде. Баланың таза ауада серуендеуі азайып, керісінше, әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыруы көбеюде. Дене тәрбиесінің қағидаттарын сақтау арқылы біз болашақ ұрпағымызды дені сау азамат етіп өсіруге мүмкіндік аламыз. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Жалпы білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарында жас ұрпақты отанымыздың физикалық дамыған, шыңдалған, жұмыс істеуге және қорғануға дайын етіп тәрбиелеу өте маңызды екендігі атап өтілді.

Дене тәрбиесінің көптеген құралдарының ішінде сауықтыру мәселелерін шешуге көмектесетін және спорттық дағдыларды қалыптастыруда жетекші болып табылатын қозғалыс ойындар кеңінен қолданылады.

Баланың дұрыс қозғалуы мен шапшаңдығы осы ойын процесіндегі белсенділігіне байланысты болады.

Ойын, біріншіден, жеке тұлғаның белсенді іс-әрекетін қалыптастырса, екіншіден, өмірге деген көзқарасы мен сенімін дамытады. Ойын арқылы бала қимыл-қозғалыс жасайды. Мектепке дейінгі кезеңде баланың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Дене шынықтыру мұғалімі сабақ барысында балаларға гимнастиканы, жеңіл атлетиканы үйрету кезінде олардың дұрыс қимылына ерекше көңіл бөледі. Көп қайталанып істелетін қозғалыстар балалардың кабілетін дамытуға, шапшаң және орынды қолдануға үйретеді.

Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады.

Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

- Таңертеңгілік жаттығу;
- Қимыл — қозғалыс ойындары;
- Спорттық жаттығулары.

Бала дене шынықтыру сабағында жалпы дамыту жаттығулары арқылы күш – жігерін шындай түседі. Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді. Осыған байланысты балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қажет.

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлеріне тоқталатын болсақ. Ең бірінші балалардың күн тәртібін ұйымдастыру барысында сауықтыру шаралары жүргізіледі. Олар: таңертеңгі жаттығу, қимылқозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, спорттық ойын сауықтар. Балалардың белсенді тынығуына жұмыстың түрлерін таңдау арқылы жағдай жасалады. Мысалы, шынықтыру кезінде мұғалімдер балалармен эстафеталық жарыс ойындарын өткізгенде, олардың көңіл-күйлері көтеріңкі болатынын, бар ынталарымен бірігіп ойнауға тырысатынын байқауға болады. Олардың дене шынықтыру жаттығуларын жоспарлаған кезде тақырып мазмұнына қарай ұлттық дәстүрлерді ендіру ескерілуге тиіс.

Ермектерді жоспарлау кезінде үлкен ұйымдастырушылық дайындық және тақырыптың мазмұнына байланысты шығармашылық жұмыс істеуді қажет етеді

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялықпсихологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесі баланың денсаулығын дамытудың маңызды шарты болып табылады. Денсаулықты дамытуға бірнеше факторлар да әсер етеді. Атап айтсақ, табиғатта серуендеу, қысқы мезгілде шаңғы тебу, футбол ойнау т.б. Жаттығуларды әртүрлі үлгіде ұйымдастырып, жыл мезгілдеріне, спорттық қызықты жағдайларға («дене шынықтыру күні», «олимпиада» т.б.) қоғамдық мерекелерге байланысты өткізуге болады.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру барысында жаңа технологияларды қолдануға болады. Бұл технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің креативті ойлау дағдысын дамытады. Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:

1. Шәкірттерге оқу, еңбек және демалысты ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау;

2. Мектеп ғимаратына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру;

3. Жыл бойында қозғалыс жасау, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары

бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды. Гимнастика. Мұның бірнеше түрлері бар: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттық гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика. Ойын- балалар өмірінде үлкен орын алады.

Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді. Мұндай ойындар оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді.

Дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттық ойындар: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. Оқушылар әрбір ойынның тәсілдерін зерттеп үйренеді. Туризм дене тәрбиесінде серуен, саяхат, туристік жорық түрінде пайдаланылады. Туризмге оқушылардың барлығын қатыстыруға болады. Туризм оқушыларды төзімділікке, ұжымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды жеңуге тәрбиелейді.

МАЗМҰНЫ

- САТЕНОВА АЛМАГҰЛ КУДАЙБЕРГЕНКЫЗЫ
- ЖАНБОЛАТ ДУЙСЕНОВИЧ